

Из практики законотворчества на государственном языке

FTAХР 16.21.33

DOI: <https://doi.org/10.62687/VLJ.1.2.2026.28>**ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА
ҚҰҚЫҚТЫҚ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ӘЛЕУЕТІ ТУРАЛЫ**
(«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі
мысалында)**Н.М. Примашев*** 

Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: nurzadaprim@mail.ru

Н.М. Примашев – Астана халықаралық университетінің құқық жоғары мектебінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент; Астана, Қазақстан. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>; e-mail: nurzadaprim@mail.ru

Андатпа. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қазақ тіліндегі мәтінінің сапасы мәселесі қоғам, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, үнемі құқық және тіл салалары бойынша түрлі зерттеулер жүргізетін ғылыми қауымдастықтың назарында болуы заңды құбылыс. Түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты аударма сипатында қалып отырған қазақ тіліндегі заңнама мәселесі жақын арада күн тәртібінен түспейтіні анық. Мемлекеттік тәуелсіздіктің түрлі кезеңдері мен жылдарында қабылданған нормативтік құқықтық актілерде орын алып отырған тілдік және құқықтық қателер туралы аз жазылып жатқан жоқ. Осындай жағдайды түзетуге қоғам да үлкен мүдделілік танытуда. Бірақ соған қарамастан, оның уәкілетті құрылымдар тарапынан қолдау таппай отырғаны да баршаға белгілі. Оның ішінде тіл саясаты, саяси ерік, тілге деген жанашырлық, сапалы нормалар шығару, әділеттік орнату сияқты бағыттармен қатар, қазақ тілінде норма шығарудың теориялық, филологиялық негіздердің әлсіздігі, құқық пен тілді бірдей меңгерген мамандардың тапшылығы сияқты факторлар да бар. Сондықтан қолданыстағы заңнама сапасын жақсарту алатын саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және т.с.с. іс-шаралардың қатарына қолданыстағы заңнамаға құқықтық-лингвистикалық мониторинг жүргізуді де қосу қажет. Осыған байланысты мақаланың мақсаты қолданыстағы заңнамада орын алып отырған кемшіліктерді түзетуде оқу процесінде қолдануға толық мүмкіндігі бар құқықтық-лингвистикалық мониторинг жүргізудің әлеуетін қолдану мәселесін қарастыру болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқу процесінде білім алушылармен бірге қолданыстағы заңнамада жіберілген қателерді анықтау, талдау және оларды түзетуді күн тәртібіне қою мәселелері қарастырылды.

Кілт сөздер: оқу процесі, құқық, заңнама, құқықтық мониторинг, құқықтық-лингвистикалық мониторинг, лексика.

**О ПОТЕНЦИАЛЕ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ПРОВЕДЕНИИ
ЮРИДИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО МОНИТОРИНГА ДЕЙСТВУЮЩЕГО
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА**

(на примере Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье»)

Н.М. Примашев*

Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан

*e-mail: nurzadaprim@mail.ru

Н.М. Примашев – профессор Высшей школы права Astana International University, кандидат юридических наук, доцент; г. Астана, Казахстан. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>; e-mail: nurzadaprim@mail.ru

Аннотация. Вопрос качества текста действующего законодательства Республики Казахстан на казахском языке является закономерным явлением и наряду с обществом, средствами массовой информации, постоянно находится в центре внимания научного сообщества, проводящего различные исследования в области права и языкознания. Очевидно, что вопрос качества законодательства на казахском языке, который по разным объективным и субъективным причинам остается переводным, в ближайшее время не сойдет с повестки дня. О языковых и правовых ошибках, которые имеются в нормативных правовых актах, принятых в разные периоды и годы Государственной независимости, написано немало. Общество также проявляет большую заинтересованность в исправлении подобной ситуации. Но тем не менее, всем известно, что оно пока не пользуется поддержкой со стороны уполномоченных структур государства. Наряду с такими направлениями, как языковая политика, политическая воля, поддержка государственного языка, разработка качественных норм, установление справедливости, имеются такие факторы, как слабость теоретических, филологических основ нормотворчества на казахском языке, дефицит специалистов, одинаково владеющих правом и языкознанием. Поэтому в число мер политико-правового, социально-экономического и др. характеров, позволяющих улучшить качество текста действующего законодательства на казахском языке также следует включить проведение юрико-лингвистического мониторинга. В этой связи целью настоящей работы является рассмотрение возможности использования в учебном процессе огромного потенциала юрико-лингвистического мониторинга в деле исправления ошибок действующего законодательства. Для достижения данной цели в статье рассматриваются проблемы изучения, выявления совместно с обучающимися и включения на повестку дня вопроса исправления обнаруженных ошибок действующего законодательства.

Ключевые слова: учебный процесс, право, законодательство, правовой мониторинг, юрико-лингвистический мониторинг, лексика.

ON THE POTENTIAL OF THE EDUCATIONAL PROCESS IN CONDUCTING LEGAL AND LINGUISTIC MONITORING OF CURRENT LEGISLATION

(On the example of the code of the Republic of Kazakhstan «On marriage (matrimony) and family»)

N.M. Primashev*

Astana International University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: nurzadaprim@mail.ru

N.M. Primashev – Acting Professor, Graduate School of Law, Astana International University, PhD in Law, Associate Professor; Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>; e-mail: nurzadaprim@mail.ru

Abstract. The issue of the quality of the text of the current legislation of the Republic of Kazakhstan in the Kazakh language is a natural phenomenon and, along with society and the media, is constantly in the focus of attention of the scientific community conducting various studies in the field of law and linguistics. Obviously, the issue of the quality of legislation in the Kazakh language, which remains translatable for various objective and subjective reasons, will not be off the agenda in the near future. A lot has been written about the linguistic and legal errors that exist in the normative legal acts adopted in different periods and years of State Independence. The society also shows great interest in correcting this situation. Nevertheless, everyone knows that it does not yet enjoy the support of the authorized structures of the state. Along with such areas as language policy, political will, support for the state language, the development of qualitative norms, and the establishment of justice, there are factors such as the weakness of the theoretical and philological foundations of rulemaking in the Kazakh language, and the shortage of specialists who are equally proficient in law and linguistics. Therefore, legal and linguistic monitoring should also be included among the measures of a political, legal, socio-economic and other nature to improve the quality of the text of the current legislation in the Kazakh language. In this regard, the purpose of this work is to consider the possibility of using the

enormous potential of legal and linguistic monitoring in the educational process in correcting errors in current legislation. To achieve this goal, the article examines the problems of studying, identifying together with students and including on the agenda the issue of correcting the errors of the current legislation.

Keywords: : educational process, law, legislation, legal monitoring, legal and linguistic monitoring, vocabulary.

Кіріспе. Құқықшығармашылық⁸ процесс – өте күрделі процесс. Мемлекет шығарған құқық нормаларын бір жағынан тұрақты ету, екінші жағынан заман талаптарына жауап беретіндей өзекті ету үлкен жұмысты, әлеуетті, ресурстарды қажет етеді. Бұл қалыпты жағдайда атқарылатын процесс. Бірақ түрлі объективтік, субъективтік себептерге байланысты заңнамада құқықтық қателер де жіберілген, қазір де жіберіліп жатады. Құқықтық негізде оларды түзету үшін аталған процесте «құқықтық мониторинг жүргізу» деген кезең қарастырылған. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес құқықтық мониторинг – Қазақстан Республикасы заңнамасының тиімділігін бағалау және болжау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау, жинау, талдау жүйесі болып табылады. Ол қабылданған нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылықтарды, қайталануларды, олқылықтарды, тиімсіз іске асырылатын, ескірген және сыбайлас жемқорлық сипаты бар құқық нормаларын анықтау және қабылданған нормативтік құқықтық актілердің іске асырылу тиімділігін болжау, талдау, бағалау арқылы оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасау мақсатында жүргізіледі.

Осы құқықтық мониторинг құралымен қолданыстағы заңнамадағы құқықтық қателерді түзетуге болады. Ал практикалық екі тілдік нормашығармашылық, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер жобаларының басым түрде орыс тілінде әзірлеу жағдайында олардың қазақ тіліндегі мәтінінде көптеген қате-кемшіліктердің орын алып отырғаны баршаға белгілі. Бірақ, әзірге оларды түзетуге түрлі объективтік және субъективтік себептерге байланысты мүмкіндік болмай отыр. Әрине, кейбір құрылымдарда ондай жұмыстардың жүргізіліп жатқанына күмән жоқ. Бірақ, бұл жұмыс көпшіліктің, қоғамның жұмылуын қажет етеді. Осындай жұмылдыруға «Құқықтану» мамандығы бойынша «6В04209 – Құқық және мемлекеттік басқару», «6В04202 – Халықаралық құқық» және «6В04212 – Құқықтану» білім беру бағдарламалары аясында қазақ тілінде білім алып жатқан студенттерді де қамтуға болады.

Ресей Федерациясында «Заң лингвистикасы» деген жеке курс оқытылады. Оған қоса Барнаул, Кемерово, Нижний Новгород қалаларында ғылыми қоғамдастық мойындаған заңдық лингвистика мектептері бар.

Сондықтан оқу-жаттығу, зерделеу сабақтары барысында осы пәннің құқықтық негіздерін – нормативтік құқық актілердің құқықтық әлеуетімен қатар тілдік әлеуетін да бағалауға мүмкіндік мол. Осыған орай 2-3 курс студенттеріне оқытылатын «Отбасы құқығы» пәнінің аясында негізгі зерделенетін нормативтік құқықтық акт ретінде 2011 жылғы 26 желтоқсандағы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) алынуы күмән тудырмайды. Тіпті – өзекті. Мақалада ол негізгі объект ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Мақала ғылыми зерттеулердің диалектикалық, салыстырмалы, дедуктивті, индуктивті және абстракциялық талдау сияқты әдістермен қатар құқық және филология салалары бойынша зерттеулерге тән салыстырмалы әдіс, тарихи құқықтық әдіс, контент-талдау әдістерін қолдану негізінде әзірленді. Нормаларды зерттеудегі контент-талдау әдісі заң техникасының талаптарымен ұштастырылды.

Жалпы қолданыстағы заңнаманың лингвистикалық негіздері қарастырылғандықтан мақалада құқықтық-лингвистикалық негіздер / тәсілдер тұрғысынан мәтіндік, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық талдаудың ғылыми әдістері, семантикалық зерттеу әдісі,

⁸ Автор «нормашығармашылық» және «заңшығармашылық» деген ұғымдарды синонимдер деп қарастырады.

жалпы шолу және салыстыру әдістері арқылы лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық, пунктуациялық және техникалық қателермен қатар заң техникасы⁹ бойынша жіберілген қателер де зерделенді.

Мақалада талданған құқықтық және лексикалық мысалдар қолданыстағы отбасылық заңнамамен қатар өзге де салалық заңнамадан алынды.

Талқылау. Жоспар, жолдау не тапсырма бойынша кейде мүлдем асығыс қабылданып жатқан заңнамалық актілердің қазақ тіліндегі мәтіндерінің бірқатарында қарапайым қателермен бірге қағидатты қателер де жіберіліп жататыны жасырын емес. Мәселен, 2025 жылғы 18 шілдеде қабылданып, осы жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 1-бабының 3) тармақшасында «бейрезидент-заңды тұлға – тиімді басқару орны (нақты басқару органы тұрған жер) Қазақстан Республикасында орналасқан ұйымды қоспағанда, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым» деген норма-анықтама бекітілген. Яғни, мұндай заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, сондықтан юрисдикциясы бойынша Қазақстан Республикасына еш қатысы жоқ. Бірақ соған қарамастан 2, 84, 184, 351, 616 және 668-баптарда «Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары», «Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары», «Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары» деген ұғымдар қолданылынған (Салық кодексі, 2025). Құқықтық болсын, тілдік те болсын «Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері» деген – нонсенс, табиғатта да болуы мүмкін емес ұғым! Заңнамалық актінің жобасын әзірлеген мамандар¹⁰ бар, министрді қоса алғандағы барлық жауапты басшылары бар, олардың қызметіне бақылау жүргізетін құрылымдар да жеткілікті, бірақ соған қарамастан, заңнамалық актілерде осы сынды қағидатты қателер үздіксіз түрде жіберіліп жатыр.

Аталған ұғымның орыс тіліндегі «филиалы банков – нерезидентов Республики Казахстан» деген түпнұсқасы өте орынды, яғни «Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердің филиалдары» деп анық айтып тұр. Қазақ тіліндегі нұсқасында аудармашылар мен тексерушілер¹¹ басты назарды «бейрезидент» деген балама сөзге аударған. Осы

⁹«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 9) тармақшасы бойынша «заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы» болып табылады.

¹⁰Заңнамалық актілердің жобаларын қарапайым «сарапшы» лауазымындағы қызметкерлердің әзірлейтіні белгілі. Олардың қазақ тіліндегі мәтіндерін компьютерлік бағдарламалардың жасайтыны да құпия емес. Түрлі деңгейдегі талқылаулар, пысықтаулар, жетілдірулер олардың орыс тіліндегі мәтіні бойынша жүргізіледі. Сондықтан олардың қабылдануына дейін жетекшілік ететін, бақылау жүргізетін құзіретті құрылымдарға бәрібір, өкінішке орай! Қазақ тіліндегі мәтіннің сапасы ешкімді қызықтырмайды. Заңнамалық актілердің жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізетін Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының институциялық әлеуеті жеткіліксіз мұндай жағдайларда. Заң шығару процесінде әкімшілік ресурсты мейлінше пайдалану практикасы да толастар емес. Мәселен, көлемі 980 беттік Қазақстан Республикасы Салық кодексінің жобасы аталған уәкілетті ұйымға 2024 жылғы 21 тамызда келіп түскен, ал Ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысы 29 тамызда ресімделген, берілген. Яғни жобаны қарауға толық 5 жұмыс күні ғана берілген!? Сарапшылар жобаны қарап шығуға да үлгермеді. Сондықтан олар қорытындыда «Министрліктер басшылығының тапсырмасымен шұғыл ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында Кодекс жобасының қаралған бөліктерінде, шамамен алғанда, 3568 қате анықталды. Кодекс жобасының мәтіні аса ыждаһаттылықпен және тыңғылықты пысықтауды қажет етеді.» деген тұжырыммен шектелуге мәжбүр болды. Ондай әкімшілік ресурстарды қосу жағдайларына қоса, кез келген заң жобасы мәтінінің ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізілгеннен кейін өзгертілуі де оның сапасына кері әсер ететін үлкен мәселе!

¹¹Мәселе негізі болып отырған «Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері» деген тіркестің қате екенін және оның дұрыс нұсқасы «Қазақстан Республикасының резиденті емес банктер» болатынын мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 2022 жылғы қарашада өткен отырысында дәлелдеген болатынмын. Менің дәлелдік ұстанымымды түсінген, аталған құрылым мүшелері мақұлдаған нұсқаның орнына Салық кодексінде ескі нұсқаның қолданылынғанын ұғу мүмкін емес. Сол отырыста мен «әуеагенттігі» деген ұғымның қате екені туралы айтқанымды Терминком мүшелері қабылдамады. Түсінбеді дұрысы. Авиа сөзінің түп-тамыры «Әуе/Аэро» емес, «Avis», яғни құс деген сөз. Түбінде дұрысталады.

сөзді «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен тәуелдендірген. Бірақ, екі ұғым бұлай байланыспайды және үйлеспейді. Жоғарыда көрсетілген «нонсенс» деген сөз тура осыдан туындаған. Шындығында басты назар «банк» деген сөзге аудару қажет болатын¹². Мәселе сонда! Сондықтан жеке тұрғанда бек қолдануға болатын «бейрезидент» деген сөздің орнына осы мәнмәтінге тура келетін «резиденті емес» деген сөздерді қолданып, жоғарыда келтірілген нұсқаларды «Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердің филиалдары», «Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары», «Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерлерінің филиалдары» деп түзету қажет. Осы нұсқалар екі тілдегі нормалардың мағынасы сай. Түзетудің осындай тәсілін «су жаңа» Салық кодексіне де қолдану керек¹³.

Мақаланың тақырыбындағы «құқықтық-лингвистикалық мониторинг» деген тіркес пен ұғым осы жұмыста жайдан-жай қолданылмаған. Бірнеше жыл қатарынан осы жұмыс нысаны туралы ұсынып келемін. Ұлттық заңнаманың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдар өздері шығарған/қабылдаған нормативтік құқықтық актілер бойынша құқықтық мониторинг жүргізеді. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – «Құқықтық актілер туралы» Заң) 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес «құқықтық мониторинг – Қазақстан Республикасы заңнамасының тиімділігін бағалау және болжау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау, жинау, талдау жүйесі» (Құқықтық актілер туралы, 2016). Іс жүзінде құқықтық мониторинг қолданыстағы заңнаманың орыс тіліндегі мәтіні бойынша жүргізіледі (Құқықтық мониторинг жүргізу қағидалары, 2023). Қазақ тіліндегі мәтін ешкімді қызықтырмайды. Ондағы тілдік қателер мүлдем зерделенбейді. Ал ондағы қатенің көлемі шексіз. Сондықтан заңнаманы жетілдіру, өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесінде практикада болсын, оқу процесінде болсын анықталған қателерді түзеткен абзал. Егемен ел болудың бірінші кезектегі қызметі – берік құқықтық тұғырдың негізі қазақ тіліндегі заңнаманы түзету, яғни оның конституциялық мәртебесін толық қамтамасыз етуге қоғам болып ұмтылуды қажет етеді.

Нәтижелер. «Отбасы құқығы» пәнін оқытудың нәтижелері ретінде оның теориялық негіздерін ұғыну, отбасы құқығының тұжырымдық-категориялық аппаратын меңгеру, отбасы заңнамасының ерекшеліктерін білумен бірге осы заңнаманы талдай және қолдана білу түсініледі. Сондықтан пәнді оқу процесінде оқытушылар мен білім алушылардың оны зерделеу барысында, шын мәнінде «құқықтық-лингвистикалық мониторинг» жүргізілгенде, онда анықталған көптеген қате-кемшіліктерді (екі тілдегі де) түзетудің күн тәртібіне енгізуге тұрарлық әлеуеті бар.

Кодексті зерделеу мен зерттеу барысында, яки оқу процесі барысында онда көптеген қате-кемшіліктер анықталды. Осы зерттеу мен мақаланың қазіргі отбасылық-некелік қоғамдық-құқықтық қатынастарды құқықтық реттеуде революциялық өзгерістер енгізе алмаса да, Кодекстің қазақ тіліндегі мәтінін пысықтау мен нақтылауға мүмкіндік бере алатынына сенімім мол.

Талқыланып отырған материалдар Кодексте нормативтік бекітілу реті бойынша немесе сандық рет бойынша алынды. Сондықтан кең ауқымды материалды жүйелеп қарастыру және көпшілік оқырманға ыңғайлы қабылдау үшін мысалдарды кесте түрінде берген жөн көрдім.

¹²«Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері», «Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары», «Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары», «Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары» деген ұғымдар қолданыстағы заңнамада көп кездеседі. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында олар 476 рет қолданылған.

¹³Салық кодексінен алынған көрсетілген өрескел қателер «Қазақстан Республикасының қаржы құқығы» пәні бойынша практикалық сабақ жүргізу кезінде де нақтыланды. Яғни оқу процесінің қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге әлеуеті мол.

P/c	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
1	1-баптың 5) тармақшасы	айрылған	айырылған	Кодексте қате «айрылған» деген осы сөз 6 рет (60-бапта, 64-баптың 3-тармағында, 71-баптың 2-тармағында, 84-бапта), «айрылады» - 4 рет (75-баптың 1-тармағының 5) тармақшасында, 2-тармағында, 80-бапта және 100-баптың 2-тармағында) және «айрылуға» деген сөз 77-баптың 1-тармағында кездеседі. Ал қазақ тілінің грамматикасына сай дұрыс «айырылған» деген нұсқа 13 рет (47-баптың 5-тармағында, 76-баптың 3-тармағында, 77-баптың тақырыбы мен 3 - 7-тармақтарында, 78-баптың 2-тармағында, 79-баптың 1-тармағында, 178-баптың 2-тармағында), «айыру» 1 рет 79-баптың 2-тармағында кездеседі. Тіпті, 75-баптың өзінде «айрылады» және «айырылады» деген нұсқалар берілген
2	1-баптың 9) тармақшасы	жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар	мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар	Біріздендіру мақсатында ұсынылатын нұсқаны осы баптың 26) және 29) тармақшаларындағыдай, 24 және 100-баптардағыдай ету және 3-баптың 1) тармақшасындағы және 5-баптағы «қатынас» мәнмәтінінде де қолдану қажет (275-баптағы қате аударма кесте соңында). Осылайша тіркестер мен ұғымдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 1-бабының 1-тармағы мен 14-бабындағы нұсқаларға да сай етіледі (Азаматтық кодекс, 1994). Сонда бүкіл заңнамалық үйлесім мен бірізділікке қол жеткізуге болады
3	1-баптың 11-1), 11-2) тармақшалары мен Кодекстің басқа құрылым бірліктерінде	ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды)	ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (апа, іні , қарындастарды)	Нормадағы «ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілер» деген ұғымдар ұлдар мен қыздар бойынша негізделген. Ағаның қарындасының болуына орай апаның інісінің де болуы мүмкіндігін ескеру үшін
4	1-баптың 13) тармақшасы	ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар)	ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар, апа-інілер)	Толықтыру және нақтылау мақсатында
5	1-баптың 22) тармақшасы	тұлға	адам	Отбасы құқығында Азаматтық кодекс ережелерінің және жалпы құқық теориясында жеке және заңды тұлғалардың болуына сәйкес осы мәнмәтінде «адам» ұғымы орынды
6	1-баптың 26) тармақшасы	еркек пен әйел	ер мен әйел	Бүкіл заңнамада орын алып отырған нұсқа. «Еркек пен әйел» деген ұғымдар дихотомиялы емес. Оларды мән мәтінге сәйкес «ер адам мен әйел адам» деп те атауға болады. 97-бапта осы «ер адам» деген дұрыс ұғым берілген

P/c	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
7	1-баптың 30) тармақшасы	жесірлік	-	Қазақ қоғамында «жесірлік» ұғымы, негізі, тек әйелдерге қатысты қолданылады. «Вдовство» ұғымының қолданыстағы заңнамада «тұл еркек», «тұл ер (жесір)», «Тұл ер», «тұл ер адам (жесір)», «тұл (ер)», «жалғызбасты», «Әйелі өлген» деген нұсқалары кездеседі
8	1-баптың 31) тармақшасы	патронат -- жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны	патронат -- жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға орналастыру нысаны	Қолданыстағы нұсқада екі кемшілік орын алған. Біріншіден, «патронат -- ... отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны» түрінде тавтология орын алған. «Патронат» патронат арқылы анықталған. Екіншіден, патронат институтын «тәрбие нысаны» дегеннен гөрі жетім ... балаларды «орналастыру нысаны» деген дұрыс
9	1-баптың 32) тармақшасы	адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы	адамның өмірге толымды ұрпақ әкелу қабілетін көрсететін денсаулығы	Нұсқадағы «туғызуға» деген ұғымның ер адамдарға, ал оны «тууға» деп әйелдерге қатыстылығын туындатпас үшін «өмірге ... әкелу» деген нұсқа бейтарап сияқты
10	1-баптың 33) тармақшасы	суррогат ана ¹⁴ -- ... бала (балалар) туатын әйел (Аблаева, 2025)	суррогат ана -- ... өмірге бала (балалар) әкелетін әйел	Қолданыстағы нұсқадағы «туатын әйел» деген атау дәрежелі, сондықтан оны 32) тармақшамен үйлестіріп, «өмірге ... әкелетін әйел» деген дұрыс болар
11	1-баптың 2-тармағы	«бала (қыз) асырап алу» және «бала асырап алу», «бала (қыз) асырап алушылар» және «асырап алынған балалар (қыздар)»	«бала асырап алу», «бала асырап алушылар» және «асырап алынған балалар»	Құқықтық нормадан гөрі «ескерту» сипатындағы мәтінде «қыз» сөзін келтірмеуге, тіпті ескермеуге болатын еді, өйткені қазақ балаларды «бала / қыз» деп бөлмейді
12	2-баптың 3-тармағы	бір жыныстағы	бір жынысты	Бұл ұғымның 11-баптың 1) тармақшасындағы «бір жынысты» деген нұсқасы орынды

¹⁴Ғылыми-құқықтық әдебиетте осы терминнің «құрсақ ана» деген баламасы кездеседі (қараңыз: Аблаева Э.Б. Суррогатное материнство в Республике Казахстан: проблемы в законодательстве и практике // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2025. № 80 (4). С. 139. Оның тілдік аспектісі бұл құбылысқа тура келеді.

Р/с	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
13	2-таптың 4-тармағы	адамгершілік		Бұл норма «нравственности населения» деген ұғымның «халықтың имандылығы» деп қате аударылған Конституцияның 39-бабының 1-тармағына негізделген (Конституция, 1995). Осы «адамгершілік» деген сөзді Кодекстің 132-бабының 3-тармағындағы, табиғаты діни «имандылық» деген сөздің орнына қолданған да дұрыс
14	5-таптың 1-тармағы	Осы Кодекстің 3-бабында аталған, Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен реттелмеген отбасы мүшелері арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы қолданылады, өйткені бұл неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарының мәніне қайшы келмейді	Осы Кодекстің 3-бабында аталған, Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен реттелмеген отбасы мүшелері арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарға неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарының мәніне қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы қолданылады	Қолданыстағы норманың түсіндірме сипаты басым, сондықтан оны құқықтық норма ету керек
15	5-1-баптың 1-тармағы	Отбасын қолдау орталықтары халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың жанынан аудандарда және қалалардағы аудандарда жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылады және (немесе) ұйымдастырылады.	Отбасын қолдау орталықтары аудандарда және қалалардағы аудандарда жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың жанынан құрылады және (немесе) ұйымдастырылады.	Норманың қисынды болуы үшін аталған органды құрушыны бірінші орынға қою қажет
16	10-баптың 3-тармағы	Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш	Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін.	Норма аяқталмаған. Белгісіз себептерге байланысты түсіп қалған «беруі мүмкін» деген сөздерді қосу қажет

P/c	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
17	12-баптың 2-тармағының екінші бөлігі	Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамның некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) басқа адамның денсаулығына қауіп төндіретін ауруының болуы ерекше жағдайлар болып табылады.	Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамның некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) басқа адамның денсаулығына қауіп төндіретін ауруы болған жағдайда ондай келісім қажет етілмейді.	Еш мағынасыз норма. Дұрыс аударылмауы себебінен қолданыстағы норманың алдыңғы нормамен еш байланысы жоқ. Сондықтан «болған жағдайда ондай келісім қажет етілмейді» деген сөздерді қосу арқылы, алдыңғы императивті норманың талаптарын еңсеруге және мағынасы мен мәнін тура ашуға болады
18	17-баптың 1-тармағы	тіркеуші органдарда неке (ерлі-зайыптылық) бұзылатын болады.	неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органдарда бұзылады.	Норманы нақтылау қажет. Болашақтағы іс-шараның орнына, оның нақты жүзеге асырылатын орнын көрсеткен орынды
19	32-баптың 2-тармағы	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалады.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады.	Аударма қатені түзету
20	79-баптың 3-тармағы	сондай-ақ прокурор	прокурор	Нормадағы «сондай-ақ» сөзі артық. Орыс тіліндегі мәтінде жоқ
21	119-баптың 3-тармағы	бірге туған ағалы-інілер мен апалы-сіңлілерді	бірге туған ағалы-інілер, апалы-сіңлілер, апалы-інілілер мен қарындастарды	Қазақтардың туыстық қатынастары мен мәртебелерін толық ескеру мақсатында
22	137-баптың 2-тармағы	жәрдемдесуге міндетті, сондай-ақ патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру жөніндегі міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.		Нормада стилистикалық қатеге жол берілген. Бірінші «міндетті» деген сөзді алып тастаған дұрыс. Сонда норма түзеліп, нақты болады
23	139-баптың 1-тармағы	сот кәмелетке толмаған балаларға ... өндіріп алады	сот кәмелетке толмаған балаларға ... өндіріп береді	Нормада стилистикалық қате жіберілген. Оны түзету үшін «алады» деген сөзді «береді» деген сөзбен ауыстыру қажет. Сонда дәл осындай мәнмәтіндегі 175-баптың 2-тармағындағы «сот ... өндіріп беруден» деген тіркеспен үндесетін болады
24	141-баптың 2-тармағы	Күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі балаларға		Норманы қайта аудару қажет, өйткені жиырма бір жасқа дейінгі баланың жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде оқуы мүмкін емес
25	152-баптың тақырыбы мен мәтіні	Атасы мен әжесінің..., ... әжесі мен атасынан...	Атасы мен әжесінің..., ... атасы мен әжесінен...	Орыс тіліндегі тақырып пен мәтінде өзгермеген атаулар қазақ тілінде де өзгермеуі тиіс

P/c	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
26	154 және 155-баптардың 2-тармақтары	«күтіп-бағу жөніндегі міндеттен босатуға құқылы», «күтіп-бағу міндеттерінен босатуға құқылы»		Көрсетілген нұсқаларды біріздендіру мақсатында. Мұндай түзетуді орыс тіліндегі мәтіндегі «вправе освободить ... от обязанности содержать», «вправе освободить ... от обязанностей содержать» деген тіркестерді біріздендіруден бастап, оларды бірдей аудару керек
27	157-бап	келісім алиментті төлеуге міндетті адам мен оны алушының арасында	келісім алиментті алушы мен оны төлеуге міндетті адамның арасында	Бұл жерде құқықтық қате жіберілген, өйткені келісім жасауға алимент алушы бастама жасайды. Оны төлеуші адам өз еркімен келісім жасамай-ақ төлей алады. Баптың орыс тіліндегі «между лицом, обязанным уплачивать алименты, и их получателем» деген тіркесін де түзету қажет
28	177-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы	«алимент алушы адам немесе алимент төлеуге міндетті адам қайтыс болғанда тоқтатылады»		Құқықтық қате сияқты. Алимент тек алушы адамға ғана емес, кәмелетке толмаған немесе мүгедектігі бар балаларға тағайындалады. Мәселен, балаларына алимент алып отырған ана қайтыс болғанда балалар неге күн көреді? Олардың арнайы балалар мекемелеріне орналастырылғанға дейін де күн көріс көздері болуы керек емес пе?
29	181-баптың 1-тармағы	бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен	бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен	Берілген мәнмәтінде «елтаңбалы мөрмен» деген дұрыс, өйткені бастықтың елтаңбалы мөрі болмайды
30	181-баптың 6-тармағы	Екінші даналардың акт кітаптары	Акт кітаптарының екінші даналары	Ұсынылған дұрыс нұсқа осы баптың 3-тармағындағы «Акт кітаптарының бірінші және екінші даналарын» деген тіркеспен үйлесетін болады
31	196-баптың 1-тармағы	«білім беру ұйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша»	бала орналастырылған білім беру ұйымдары немесе медициналық ұйымы әкімшілігінің өтініші бойынша	Қате аударма. Орыс тіліндегі мәтінге сәйкестендіру үшін қайта аудару қажет
32	197-баптың 2 және 3-тармақтары	«перинатальдық қайтыс болуы туралы медициналық куәлік» және «перинатальдық қайтыс болуы туралы куәлік»		Атауларды біріздендіру қажет. Бұл талап орыс тіліндегі мәтінге қатысты, бірінші кезекте
33	197-баптың 2-тармағы	Өлі туған баланың туу туралы куәлігі берілмейді.	Өлі туған балаға туу туралы куәлік берілмейді.	Мәселе балада емес, куәлікте
34	225-баптың 3-тармағы	Өзінің некеге дейінгі тегіне екінші жұбайының тегін қосып жазуға тілек білдірген жұбайға	Өзінің некеге дейінгі тегіне жұбайының тегін қосып жазуға тілек білдірген жұбайға	«екінші» деген сөзсіз-ақ норма түсінікті
35	228-баптың 2-тармағы	азаматына (азаматшасына)	азаматына	Қазақ тілінде «азаматша» деген сөз жоқ

P/c	Құрылым бірлігі	Қазіргі нұсқа / редакция	Ұсынылатын нұсқа / редакция	Ескерту
36	233-баптың 1-тармағы	Бас бостандығынан айыру орындарында күзетпен қамауда отырған немесе жазасын өтеп жүрген адаммен	Күзетпен қамауда отырған немесе бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адаммен	Қате аударма. Түзету қажет
37	273-бап	қайтыс болу туралы куәлігі	қайтыс болуы туралы куәлік	197-баптағыдай мәселе адамда емес, куәлікте
38	275-бап	Ерлі-зайыптылардың мүліктік емес және мүліктік жеке құқықтары мен міндеттері	Ерлі-зайыптылардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттері	Қате аударма. Құқықта да, тілде де «мүліктік жеке құқықтар» деген ұғым да, тіркес те жоқ

Кодексте орын алып отырған қателерді тізбектей беруге мақала көлемі мүмкіндік бермейтіндіктен 38 мысалмен ғана шектелуге тура келді.

Кемшілігі бар, кезекті үлкен мәселе Кодекстің бала асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық мәселелеріне арналған 91 және 122-баптарында жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2024 жылғы 23 шілдедегі № 49-НҚ нормативтік қаулысымен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 91-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді» деп таныды (Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы, 2011). Әрине, Конституциялық Сот қарауға келіп түскен жолданым шеңберінде ғана шешім қабылдады. Бірақ неге екені белгісіз ол жолданымды жолдаушы да, Конституциялық Сот та жоғарыда көрсетілген норманың осы Кодекстің 122-бабының 9) тармақшасында да бекітілгенін ескермеу (кішкене ғана аударма қатесі бар, ал орыс тіліндегі мәтін 100 пайыз сәйкес) себебінен соңғы норма бір жарымдай жылдай күшінде болды. Тек 2025 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ол алып тасталды (Заң, 2025).

Кодексте жоғарыда көрсетілгендерге қоса, Конституцияға сәйкес келмейтін 91-баптың 2-тармағының 11) тармақшасын ескермегеннің өзінде, 97-баптың 2-тармағында «бала асырап алушы ер адам болса» деген тіркес бар. Ол бойынша ер адам / еркек жынысты адам бала асырап ала алады. Осы екі мәселе шешуді қажет етеді. Оған қоса «еркек», «ер адам» және «еркек жынысты адам» деген сөздерге бірізділік жетіспейтіні анық. Алғашқы екі нұсқаның орыс тіліндегі нұсқасы – «мужчина». Ал «еркек жынысты адам» деген ұғым «лица мужского пола» дегеннің калька аудармасы. Қазақ тілінде мұндай дөрекі ұғым жоқ. Мұны да «ер адам» деп түзеткен орынды.

Алдыңғы абзацта көрсетілгенге ұқсас жағдай Кодекстің тағы бір бабында орын алып келеді. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-НҚ нормативтік қаулысымен «осы кодекстің 37-бабы 6-тармағының нормасы «неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезден бастап» деген сөздер бөлігінде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылды (Конституциялық Сот, 2024). Нормашығармашылық қызмет пен ғылыми ортаны былай қойғанда, БАҚ беттерінен ол бапты нақтылау/пысықтау бойынша ақпарат кездестірілмеді.

Кодекс бойынша 4 рет сілтеме жасалған «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі» деген атауды 2015 жылғы 31 қазанда қабылдануына орай «Қазақстан Республикасының азаматтық процесстік кодексі» деп өзгертуге уақыт жеткен сияқты (Азаматтық процесстік кодексі, 2015).

158-баптағы «жасалатын» және «жасайды» деген тавтологияны болдырмау, яғни норманың стильдік сапасын қамтамасыз ету мақсатында бапты қайта құру қажет.

Кодекске заңнаманың қазақ тіліндегі мәтініне тән терминдер мен ұғымдардың

бірізділігінің болмауы мәселесі де қатысы бар. Мәселен, «иск» сөзінің «талап-арыз» (14 рет – 20, 27-баптың 2-тармағында, 37-баптың 6-тармағында, 74-баптың 1-тармағында, 78-баптың 3-тармағында, 79-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында, осы баптың 3-тармағында, 82-баптың 2-тармағында, 138-баптың 3-тармағында (2 рет), 156-баптың 3-тармағында, 159-баптың 3-тармағында, 170-баптың 2-тармағында, 172-баптың 3-тармағында, «талап арыз» (3 рет – 8-баптың тақырыбы мен 1 және 2-тармақтарында) және «талап» (4 рет – 76-баптың 1-тармағында, 79-баптың 3-тармағында, 81-баптың 1 және 2-тармақтарында) деген үш нұсқасы¹⁵ кездеседі.

Дәл осындай мәселе «ответственность» деген сөздің «жауапкершілік» және «жауаптылық» деген екі баламасына да қатысты. Бірінші нұсқа Кодексте 8 рет (§3, 44-баптың 2-3-тармақтарында, 55-баптың 3-тармағында, 59-баптың 4-5-тармақтарында, 132-7-баптың 1-тармағында, 165-бапта), ал екіншісі 11 рет (53-баптың 3-тармағында, 57-баптың 5-тармағында, 59-баптың 1-тармағында, 70-баптың 2-тармағында, 73-баптың 4-тармағында, 100-баптың 4-тармағында, 118-5-бапта (2 рет), 137-3-баптың 3-тармағының 1) тармақшасында, 281-бапта (2 рет) қолданылынған. Заң шығару саласының мамандары негізі «жауапкершілік» ұғымының құқықтық маңызы басым дейді. Дегенменен осындай бірізділіктің болмауы мәселесі де Кодекстің тиісті баптары мен олардың аудармаларын қайта қарауды талап етеді.

Кодекстегі назар аудартатын ұғымдардың бірі – «тұрғын жай» (6 рет – 77-баптың 4-тармағында, 80-баптың 2-тармағында және 136-баптың 3-тармағында), «тұрғынжай» (13 рет – 123-баптың 5-тармағында, 124-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасында, 132-3-баптың 2-тармағында, 132-4-бапта (4 рет), 132-8-баптың 2-тармағында, 132-9-баптың 5-тармағында (5 рет) және 136-баптың 3-тармағында (2 рет) және «тұрғын үй» (7 рет – 33-баптың 2-тармағында (3 рет), 124-баптың 1-тармағыны 3) тармақшасында, 132-4-баптың 4-тармағында, 132-9-баптың 5-тармағында) деген ұғымдардың қолданылуында. Олардың орыс тіліндегі жалғыз нұсқасы «жилище» деген сөз. Кодексте, оған қоса 123-баптың 5) тармақшасында – «тұрғынжай», ал 9) тармақшасында – «тұрғын үй» деп алынған, яғни бір нормада түрлі нұсқаларды қолдану фактісі де кездеседі.

Мәтіндегі «салдарлар» деген сөздің орнына «салдар» сөзді қолдану қажет, өйткені тіл мамандары қазақ тілінде ондай сөз жоқ дейді. Сол сияқты 5-1-баптағы «консультативтік-кеңесші» деген калька аударманы соңғы кездері көп қолданылып жүрген «консультациялық кеңесші» деген сөздермен ауыстырған дұрыс. Дәл осылай 65-баптағы «шешесінің» деген сөзді мәтіннің лексикасын бұзбай «анасының» деген сөзбен ауыстырған орынды.

Кодекстегі «9-11-баптарында», «4) Бала», «47-49-баптарында», «60-62» «1) — 3)»¹⁶, «151-155-баптарында», «157-162-баптарына» және т.с.с. орфографиялық-техникалық және заң техникасы тұрғысындағы қателер түзетілгенде оның тілдік сапасының артатыны дау тудырмайды.

Қорытынды. Кодекстің көрсетілген қателері негізінен оқу процесінде айқындалғаны анық¹⁷. Әзірге ол, әрине оқытушы тарапынан жасалған жұмыс. Білім алушылар Кодекстің кейбір тілдік мәселелерін ғана көтерді. Егер осындай жұмысқа білім алушылар кеңірек тартылса жоғарыда көрсетілген қате-кемшіліктерінің ауқымының кеңеюі әбден мүмкін. Яғни оларды түзетудің алғышарттарын жасауға кірісуге болады. Құқық теориясы мен қазақ тілін жоғары деңгейде және заң тілін қажетті деңгейде меңгерген білім алушылармен оқу процесінде зерделеніп жатқан заңнамалық актілерге құқықтық-лингвистикалық мониторинг жүргізуге

¹⁵Кодекстің құрылым бірліктерін санамалау мақсаты - Кодекс нормаларының барынша талданғанын, яғни құқықтық-лингвистикалық сараптаманың тыңғылықты жүргізілгенін көрсету ғана, өйткені одан бірде-бір артық не кем тыныс белгі, бос орын, жоларалық интервал, тілдік таңба және т.с.с. тілдік бірліктер тыс қалмауы керек.

¹⁶Орыс тіліндегі мәтінде «1) – 3)» деп ресімделген, яғни нұсқалар сызықша бойынша да әртүрлі. Заң техникасына сай екі тілде де «1), 2), 3)» деп ресімдеген дұрыс.

¹⁷Келтірілген қате-кемшіліктер олардың бір бөлігі деуге болады. Бір ғана зерттеушінің бүкіл Кодекске құқықтық-лингвистикалық мониторинг жүргізуге әлеуеті жетпейді.

мүмкіндік мол. Осындай жұмыс арқылы қолданыстағы заңнаманың қазақ тіліндегі мәтінінің сапасын арттыруға болады.

Әдебиеттер

- Аблаева, 2025 – Аблаева Э.Б. Суррогатное материнство в Республике Казахстан: проблемы в законодательстве и практике // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2025. – № 80 (4). – С.126-142.
- Азаматтық кодекс, 1994 – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Азаматтық процесстік кодексі, 2015 - Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Конституция, 1995 - Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Конституциялық Сот, 2024 - Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-НҚ нормативтік қаулысы [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/index/docs/dt=2024-12_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/index/docs/dt=2024-12_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Құқықтық актілер туралы, 2016 – «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Құқықтық мониторинг жүргізу қағидалары, 2023 – Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығымен бекітілген. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033069_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033069_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 236-VІІІ ҚРЗ. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000236_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000236_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы, 2011 – 2011 жылғы 27 желтоқсандағы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518_(жүгіну күні: 25.12.2025)).
- Салық Кодексі, 2025 - Қазақстан Республикасының Салық Кодексі (Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VІІІ ҚРЗ Кодексі) [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000214_\(жүгіну күні: 25.12.2025\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000214_(жүгіну күні: 25.12.2025)).

References

- Ablaeva 2025 – Ablaeva, E.B. Surrogatnoe materinstvo v Respublike Kazakhstan: problemy v zakonodatel'stve i praktike [Surrogacy in the Republic of Kazakhstan: issues in legislation and practice]. Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii Respubliki Kazakhstan. – 2025. – № 80 (4). – P. 126–142. [in Russ.]
- Grazhdanskiy kodeks Respubliki Kazakhstan. Obshchaya chast'. 1994. [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. General Part] ot 27 dekabrya 1994 goda № 268-XIII ZRK. [in Kaz.]
- Grazhdanskiy processual'nyy kodeks Respubliki Kazakhstan. 2015. [Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan] ot 31 oktyabrya 2015 goda № 377-V ZRK. [in Kaz.]
- Konstituciya Respubliki Kazakhstan. 1995. [Constitution of the Republic of Kazakhstan. Adopted by national referendum on August 30, 1995]. [in Kaz.]
- Konstitucionnyy Sud 2024 – Normativnoe postanovlenie Konstitucionnogo Suda Respubliki Kazakhstan ot 4 dekabrya 2024 goda № 55-NP [Regulatory Resolution of the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2024 No. 55-NP]. [in Kaz.]
- O pravovyh aktah. 2016. [On Legal Acts: Law of the Republic of Kazakhstan] ot 6 aprelya 2016 goda № 480-V ZRK. [in Kaz.]
- Pravila provedeniya pravovogo monitoringa. 2023. [Rules for Conducting Legal Monitoring approved by the Order of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan] ot 11 iyulya 2023 goda № 471. [in Kaz.]
- Zakon RK 2025 – O vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazakhstan po voprosam kul'tury, obrazovaniya, sem'i i gosudarstvennogo kontrolya. 2025. [Law of the Republic of Kazakhstan on Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Culture, Education, Family and State Control Issues] ot 4 dekabrya 2025 goda № 236-VІІІ ZRK. [in Kaz.]
- Kodeks Respubliki Kazakhstan "O brake (supruzhestve) i sem'e". 2011. [Code of the Republic of Kazakhstan "On Marriage (Matrimony) and Family"] ot 27 dekabrya 2011 goda № 518-IV ZRK. [in Kaz.]
- Nalogovyj kodeks Respubliki Kazakhstan. 2025. [Tax Code of the Republic of Kazakhstan] ot 18 iyulya 2025 goda № 214-VІІІ ZRK. [in Kaz.]